

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 13 маусым N 970.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.02.23. N 127 қаулысымен. ~P980127

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрылымы қосымшаға сәйкес, сондай-ақ алқаның адам саны - 9 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 5 орынбасары, оның ішінде 2 бірінші орынбасары болуына рұқсат етілсін.
3. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын реформалаудың жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 наурыздағы N 398 P970398_ қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған қаулының 1-қосымшасы мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі комитеті".

ЕСКЕРТУ. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.12. N 1551 қаулысымен.

P971551_

4. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1665 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 13 маусымдағы
N 970 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Адъютанттар бөлімі

Баспасөз қызметі

Құжаттау департаменті

Ішкі қауіпсіздік басқармасы

Халықаралық әскери ынтымақтастық департаменті

Бас штаб:

жедел жоспарлау департаменті

ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаменті

байланыс департаменті

сегізінші бөлім

топографиялық қызмет

әскери хабарламалар қызметі

қаржы бөлімшесі

комендатура

бөлім (кадрларды іріктеу, орналастыру, есепке алу және

құжаттар әзірлеу)

қамтамасыз ету бөлімі

әскери-оркестр қызметі

Арнайы әскер департаменті

Жауынгерлік даярлық департаменті

Медициналық қамтамасыз ету департаменті

Кадр және әскери білім департаменті

Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар департаменті

Экономика және қаржы департаменті

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі комитеті (заңды тұлға құқығында) Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті (заңды тұлға құқығында).